

## ҚАЗАҚСТАН ДЕМОГРАФИЯСЫ. «ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»

Кенжебек Д.Қ.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Бекишев Қ.О.  
Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
[dimash\\_kenzhebek@mail.ru](mailto:dimash_kenzhebek@mail.ru)

Халықты көптеген қоғамдық және жаратылыс тану ғылымдары зерттейді. Осылардың ішінде демография ерекше орын алады. Демография гректің «demos» -халық, «gzafo»- жазу, сипаттау деген сөздерінен шыққан. Басқаша айтқанда - халық кең мағынасында (немесе ел-жұрт) адамдардың жиынтығын білдіреді. Ол белгілі бір территорияда (немесе жер көлемінде) өмір сүреді, іс-әрекет, қызмет жасайды. Демография халықтың құрамын, санын және оның өсуін, өнуін, көбеюін, азаюын зерттейді. Бұл процесте адамның жынысы, жасы, атқаратын қызметі, жұмысы, т.б. жақтары негізге алынады, (мысалы, некелесу, туу, миграция, өндіріске әсерін, т.б.) зерттейді. Әр қоғам халқының өзінің өсу, өнудегі ерекше даму заңдылықтары болады. Ал, мұның өзі қоғамның нақтылы әлеуметтік – экономикалық жағдайына байланысты. Халықтың санын, құрылымын және оның қозғалысын, дамуын, өзгеруін демография ғылымы, зерттейді.

Қазақстандағы қазіргі демографиялық үдерістер алыс және жақын шетелдермен тығыз байланыста және еліміздегі соңғы 20 жыл ішіндегі әлеуметтік – саяси, экономикалық үдерістерге тәуелді дамыды. Мәселен біз қарастырып отырған Ақмола өңірінде оның ішіндегі Бұланды ауданының демографиялық үдерісі сыртқы факторлармен ықпалдаса жүруі әсіресе өткен ғасырдың 80 – ші жылдарынан бастап тән сипат алды. Мәселен, әсіресе неміс ұлтының үлес салмағының кему тенденциясы 80 – ші жылдардың соңынан ерекше көрініс берді және ол белсенді демографиялық саясат жүргізген Герман Федаративті Республикасының өз отандастарын тарихи Отанға қайту саясатына, КСРО – дағы коммунистік режимнің құлауы нәтижесінде еларалық барыс – келіс иммиграцияны күшейтті, сондай – ақ тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік – экономикалық құлдырау славян, грек сияқты этностардың өздерінің тарихи Отанына қайту үдерісін күшейтті. Сондай – ақ ел Астанасының Сарыарқа өңіріне ауысуы ел тарихындағы зор геосаяси өзгеріс болатын. Сондықтан жергілікті халықтың бір бөлігі әсіресе жастар, ауылдық жерлердегі жұмыссыздықтың артуына байланысты 25 – 40 жас аралығындағы экономикалық жағынан белсенді тұрғындар Астана құрлыстарына немесе үлкен қаладан басқадай тіршілік көзін іздеп қоныс аударды. Астана таяу аудандардың экономикалық жағынан белсенді халқын үнемі «жұтып» отыратын тұрақты факторға айналды[1].

Демографиялық саясат — халықтың ұдайы өсуі үшін мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын әкімшілік, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық шаралар жүйесі. Демографиялық саясат мемлекеттегі әлеуметтік институттар арқылы жүзеге асырылады. Шаралар тікелей (некеге тұру, отбасы жандарының туып-өсу қарқынын реттеу, көші-қонды бақышау, т.б.) немесе жанама түрде (халықтың өмір сүру деңгейін көтеру, көп балалы отбасына жеңілдік жасау, қоғамдық санаға ықпал ету, т.б.) жүзеге асырылады. Бұланды ауданындағы демографиялық үдерістеріне сол кезеңдегі елімізде қабылданған көші – қон заңының, көші – қон комитеті мен басқадай мемлекеттік саясаттың әсерлері өз ықпалын жасап отырды. Олар: «Ауыл жылдары», « Астананың азық – түлік» белдеуін дамыту туралы», « жүз мектеп, жүз аурухана», «Балапан» бағдарламалары, сондай – ақ көп балалы отбасыларға әлеуметтік көмек жүйесін үнемі дамыту саясатын жүргізу оң ықпалын тигізді.

Әрине Қазақстандағы көп балалы отбасыларды, жас аналарды қолдау саясатын Ресейдікімен немесе Германияныкімен салыстыруға келмейді. Қазақстандағы табиғи байлықтың өндірілуінің жылма жыл артып отырған кезінде белсенді түрде әлеуметтік саясатты жақсартуға мүмкіндігі туып отыр.

Демографиялық саясат халықтың ұдайы өсуінің түрілеріне де байланысты болады. Демографиялық дағдарыс жағдайындағы елдерде тууды және халықтың табиғи өсуін арттыруға бағытталған демографиялық саясат басым болады. Егер Қытай, Пәкстан сияқты елдерде халықтың шамадан тыс өсуіне байланысты тууды шектеу саясаты жүргізілісе Ресей, Қазақстан сияқты халқы аз қоныстанған елдерде тууды қолдау саясаты жүргізіліп келеді. Басқа ұлттар көптеп қоныстанған, климаты салқын еліміздің Солтүстік өңірдегі халықтың демографиялық жағынан өсуі үнемі зор қиындықтарға ұшырап отырған [2]. Кеңес кезеңінде Солтүстік өңірдегі халық 25 пайыз үстеме ақы алып отырған, қазіргі уақытта ол бізде тек ауылдық жерде әлеуметтік – бюджеттік мекеме қызметкерлеріне қатысты болып отыр. Демек Солтүстік аймақта бір адамға шаққандағы өмір сүру шығындары әлдеқайда оңтүстікке қарағанда көп аймақ тұрғындарына үстеме ақыны кем дегенде тағы да 25 пайызға арттыруға болар еді. Жылу мен киім сатып алуға, азық – түлікке жұмсалатын шығын айталық Алматы облысы тұрғынына қарағанда әлдеқайда көп екені әлдеқпшан статистикада дәлелденген мәселе. Мәселен көрші Ресейде Солтүстік аймақтың тұрғындарына төленетін үстеме ақылар екі есеге жуық.

Сондықтан еліміздің саяси басшылығының соңғы жылдардағы біршама әлеуметтік мәндегі саясаты халықтың табиғи өсуіне жағдай тудыруға тырысып келе жатқанымен, бұл шаралардың Қазақстанның демографиялық қоныстануын тұрақтандыруғ, оның қалыпты өсуін қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз екендігі Астанаға таяу орналасқан, шаруашылық дамуы жағынан өзіндік зор потенциалға ие, еліміз бойынша дамуға барлық жағынан қолайлы орналасқан аудан Бұландының мысалынан көреміз. Бұрынғы Орта Азия халықтарының ішінен халқының табиғи өсімі ең төмені қазақтар болып табылады. Мәселен Өзбекстан халқы 20 жыл ішінде өз табиғи өсімі есебінен 8 миллион адамға көбейген, біз солтүстік аудандағы халықтың кемуін Астана салу және оралмандарды әкелу есебінен ғана біршама тұрақтандыруға қол жеткіздік. Қазақстан 2012 жылы ғана 1989 жылғы 17 миллиондық санына әзер жетті. Оралмандар көші – қонының тоқтатылуына байланысты ендігі жерде халықтың табиғи өсімін қамтамасыз ету міндеттері тұр. Түрлі саяси – демографиялық эксперимент саясаттың құрбанына айналған қазақ халқының демографиялық шығындарының орнын толтыру бағытында әліде көптеген экономикалық, әлеуметтік шараларды жүзеге асыруға тура келеді. Жоғарыда айтылған Өзбекстан халқының демографиялық өсуі ненің нәтижесінде мүмкін болды десек ол сол халықтың діни, ұлттық дәстүрлерінің мықтылығы, отбасыларының беріктілігі арқасында мүмкін болған, ал әлеуметтік жағдайы Қазақстан тұрғындарынан жоғары еместігі белгілі. Мәселен 2008 жылғы Бұланды ауданындағы жасалған 125 некенің 27 ажырасып кеткен бұл әлі де болса отбасының беріктік коэффициентінің төмендігін көрсетеді. Орта есеппен некенің 3 тен бірінен 3 – тен 2 дейінгі некелер ыдырап отырады екен [3]Аудан халқының құрамындағы қазақ халқының үлес салмағының артуы осы өңірде дәстүрлі мал шаруашылығын, оны өңдеу салаларын нақты дамытуға мүмкіндік жасап отыр.

Ал XX ғасырдың басында әсіресе коммунистер билігі кезеңінде Қазақстанның байырғы халқына қатысты жүргізілген демографиялық саясат бір халықты түбірімен жоюға, ыдыратуға бағытталған геноцид саясатына ұласқанын өкінішпен бүгінгі күнде гуманистік, патриоттық бағыттағы еліміздің және шетелдің ғалымдары, қоғам қайраткерлері өздерінің ғылыми еңбектері мен мақалаларында үзбей жазып келеді. Мәселен аштықтың сексен жылдық қаралы датасына байланысты жорналшыларға берген сұқбатында белгілі белгілі жазушы әрі қоғам қайраткері Смағұл Елубай 1911 жылдары жүргізілген санақ бойынша қазақтар саны 10 миллионға жетеғабыл болған деген дерек келтірсе, тарихшы ғалым әрі

мемлекет қайраткері Мырзатай Жолдасбеков Орынбордан Чулочкин деген тарихшының «История киргиз-кайсаков» атты кітабын тауып әкелген, соның ішінде қазақтардың саны 1911 жылы 8 миллион адамды құрады деп жазылған. Бұл - шын мәнінде ХХ ғасырдың 20-жылдарына дейінгі қағазға түсірілген жалғыз дерек деуге болады. Біз оған дейін тек Әлихан Бөкейхановтың: «Әлхамдулла, 6 миллион халықпыз» деп айтқан дерегіне сүйеніп келдік. Ал, 1911 жылы 8 миллионды құраған қазақты қыру процесі 1916 жылғы оқиғадан басау алғаны белгілі. 1918 жылы Кеңес Одағының территориясында азамат соғысы басталғанда оның ең ауыр зардабын қазақ ауылдары шекті. Өйткені, қызылдар да қазақтың малын тартып алатын, ақтар да тартып алатын, еркімен бермесе қырып кететін. Мінеки, сондай аласапыран заманда, 1917, 1918, 1919, 1920, 1921 жылдары қазақ даласында алапат ашаршылықтың алғашқы толқыны болып өтті. Мысалы Есіл өңірінің атақты байы Тасмағамбет байды ақтар әскерге ат бермеді деп атып кеткені тарихтан белгілі. Ел адамдарының айтуынша оның тәркіленген жылқыларының есебінен асыл тұқымды Қостанай жылқы зауытын қызыл үкімет ұйымдастырған [4]. Бірі келіп жанын алса, екіншісі малын тартып алды. Бұл бір Тасмағамбет байдың басындағы зобалаң емес бүтіндей қазақ деген ұлттың басына түскен нәубет еді.

1920 жылдары орын алған ашаршылықтың зардабын сол кездегі зиялылардың көбі, Тұрар Рысқұлов та, Мұстафа Шоқай да жазды. Соңғы кезде тарихшы, әдебиетші Тұрсын Жұртбай ҰҚК-нің мұрағатынан Мұхтар Әуезовтің 1921 жылы қазақтың тұңғыш құрылтайында сөйлеген сөзін тауып алды. Құрылтайда сөйлеген сөзінде Мұхтар Әуезов: «соңғы жылдары ашаршылықтың салдарынан 1 миллион 700 мың қазақ қырылды, оның 700 мыңы балалар» деген. Сол кезеңде «Правда» газеті Сафаров есімді комиссардың 1 миллион қазақ қырылды деген сөзін жазды. Орталық газет қырылған халықтың санын қысқартып айтқан болуы керек. Лениннің нұсқауымен салынған Петрокоп теміржолы арқылы 1921 жылы Ақмола өңірінен арнайы Азық – түлік әскер жасақтары бар астықты жинап әкетуіне байланысты өңірдегі халық аштыққа ұшырады. Бұланды ауданы халқы да осы кезеңде ауыр жағдайларға ұшырады, бұл аштық халық жадында ет көп, астық жоқ болғанымен есінде қалды. Бұл оқиға әсіресе өлкенің астық өндірумен айналысқан халқын қан қақсатты. Нәтижесінде өлке халқының көтерілісі соның ішінде орыс – украин переселендерінің Ишим – Нұра көтерілісін тудырып үлкен қанды оқиғаларға ұрындырды. Мыңдаған көтеріліс жасаған адамдар атылып кетті. Бұл оқиға да өлке тарихында аз зерттелінген, тарихи бағасы берілмеген тақырып болып табылады. Ал, енді 1932 - 1933 жылдары орын алған ашаршылыққа келер болсақ, оның есебін шығарған тарихшылардың айтуынша, оның ішінде ашаршылықты көп зерттеген ғалым Талас Омарбековтің сөзіне сүйенсек, 2 миллион 300 мың адам опат болды. Енді бұл көрсеткішке 1918 - 1921 жылдар аралығында қырылған қазақтың санын Мұхтар Әуезовтің берген дерегі бойынша 1 миллион 700 мың деп алсақ, аштықтан қырылған қазақтың барлығы 4 миллион болады. Міне, біз кеңес өкіметі кезіндегі ашаршылық салдарынан 4 миллион қазақ қырылды деп айтуымыз содан. Кейбір тарихи деректерде, 1932 жылғы ашаршылықта жалғыз қазақ емес, Қазақстанда тұратын ұлт өкілдерінің бәрі, яғни 250 мыңға жуық өзге ұлт өкілі қырылған делінеді. Соның көпшілігі орыстар болған. Оған Кеңес үкіметінің саясатына қарсы көтерілген шаруалар толқулары кезіндегі азамат соғысы аласапраны кезінде опат болғандардың нақты саны әлі де нақты анықталмаған. Әсіресе Ресей империясының бұрынғы далалық өңірі болып саналатын Ақмола өңірінде архив деректерінің дұрыс сақталмауы, немесе қағаз бетіне мүлде түспей қалуы себепті.

Статистикалық деректерге көз жүгіртетін болсақ, көзі ашық қауымның барлығына белгілі, 1897 жылғы халық санағында біздің халқымыздың саны 4 миллион 84 мың адам деп көрсетілген. Ол кезде қырғыз, тәжік, түркімен халықтарының әрқайсысы 300 мыңның о жақ-бұ жағында болған. Өзбек - 700 мың, сарт - 700 мың деп көрсетілген. 1 миллионға жететін біреуі де жоқ. Ал, қазақ 4 миллионнан асып-жығылған. Демек ғасыр басында қазақ халқы

Орта Азияда ең саны мол, Ресей империясында саны жөнінде бесінші орында тұрған халық болатын.

КСРО–дағы аштықтың зардабын тартқан украин халқы өзінің этносының 15 -19 пайызынан айырылса қазақтар ең кемітіп айтқанда ұлттың 50 пайызынан айырылды. Украинада бұл оқиғаға геноцид деп баға беріліп, қаралы дата ретінде арнай аталып өтсе бізде бұл тарихи оқиға әлі де лайықты бағасын алмай келеді. Аштық барлық жерде болды, оған қазақтардың өзі кінәлі болды деген пікірден әлі де бас тартқысы келмесе, Мәскеу бұған кінәлі емес деген тезисті әліде қолдаушылар көп болып отыр. Ал сол кезде аштық оқиғаларына куә болған сұмдықты өз көзімен көрген Молдабай Әбдіров деген ақсақал былай деп еске алады: «ҚазПИ-де студент едік. Институт залының президиумында Голощекин бастаған республика басшылары: «Бес жылдықтың жоспары керемет орындалды. Ура-ура! Жасасын, коммунистік партия!» деп айғай салып, ұрандатып отырды. Күн ыстық болғандықтан, залдың есігі ашық тұрған еді. Жиналысқа қатысып отырған студенттер, ашық тұрған есіктің ар жағында жолда аштықтан бұралып, құлап жатқан қазақтарды көріп, жылап отырдық. «Мыналар неткен көрсоқыр, қаныпезерлер еді», - деп жылап отырдық» Міне, осы бір эпизодтың өзі Голощекин басқарған саясаттың қазаққа қарсы бағытталған қылмыстық, шовинистік сипатын көрсетеді. Тоболин деген комиссар бір үлкен жиында: «Қазақ - көшпелі халық. Олардың социалистік құрылысқа тұрмыстық деңгейі келмейді. Сондықтан, олардың жойылуы тарихи заңдылық» деп ашықтан-ашық мәлімдеуі сол қылмыстық саясаттың көрінісі.[5]»

Ашаршылыққа қатты ұшыраған әсіресе қатты ұшыраған мал шаруашылығы басым болған өлкелер еді, Ақмола өңірінде де ашаршылықта қайтыс болғандардың саны әлі толық анықталмай отыр, жалпы халықтың кемуді 14 пайыз деп көрсетіледі. Ал одан аштықтан қаза болғандардың этникалық құрамын нақты анықтау мүмкін емес. Үлкендердің көбінің көзі тірі 1970- 80 – ші жылдары осы өңірдегі аштықтан бас сауғалаған қазақтардың біразы Степняк алтын шахтасына түсіп, ал балаларының Ақмола мен аудан орталықтарында ашылған балалар үйлерінде жансақтағаны, солардың көбі сол балалар үйлерінде қаза болғаны туралы әңгімелерді айтып отырушы еді.

Бүгінгі күнде Өзбекстандағы өзбек халқы 30 миллионға жетіп отырса, тәжік 8 миллионнан асып отыр, зерттеушілер осы кесепатты оқиғалар салдарынан халқымыздың өсуі 110 жылға шегеріліп, бүгінгі күнде қазақтардың саны өз жерінде 10 миллионға жете алмауы осы зобалаңның салдары деген тұжырым жасаған. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев әйтпеген күнде қазақтың саны бүгінде 40 -45 миллионды құрауы керек еді дегенді Астанада өткен аштыққа байланысты өткен жиында атап көрсетті.

Соғыс жылдарында елімізге 1,5 миллион қоныстанушыларды алып келіп орналастырғанда неміс ұлтының үлкен бір бөлегі Ақмола өңіріне орналастырылды соның ішінде Бұланды ауданында олардың үлес салмағы 1989 жылы 22,1 пайызға жетіп ауданда үлес салмағы жөнінен бірінші орынға шықты мәселен орыстар 18 қазақтар 14,9 пайызды құраған болатын. Ал 1979 жылғы деректерде олардың үлес салмағы бұдан да жоғары болуға тиісті. Еліміз тарихында Қазақстанды іштен бөлшектеудің талай әрекеттері жасалынды соның бірі Мәскеулік басшылықтың неміс ұлтының өкілдерінің Ақмола өңірінің Ерейментау, Шучинск, Бұланды аудандарында тығыз қоныстануына байланысты осы жерлерден неміс автономиясын құру әрекеті жергілікті халықтың наразылығын тудырғандықтан тоқтаған болатын. Белгілі бір дәрежеде демографиялық үдерістердің жоғарғылардың саясатына тигізген әсерін осы фактіден айқын байқауға болады. Жоғарыда келтірілген, көпшілікке белгілі деректерге сүйенер болсақ сол кезеңдегі Мәскеулік биліктің демографиялық саясатының қазақ халқының ұлт ретінде өсіп – өркендеуіне емес, керсінше бұл саясаттың еліміздің тарихында бұрын соңды болып көрмеген зобалаң – нәубетке ұрындырғанын көрсетеді.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1 Акмолинская область, энциклопедия, 199 бет. Алматы 2009 ж.

2 Н.А. Назарбаев «Избранные речи» 5 том, 158 бет. Астана 2010ж.

3 Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: история и современность. – Алматы, 2006;  
Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. – 27-28 бет

4 Мендикулова Г.М. Международный симпозиум «Казахская диаспора: проблемы и перспективы» // Вестник Министерства науки-Академии наук Республики Казахстан. - 1996. - № 2. - 75-78 бб;

5 Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). Алматы, 1991. 41-43 бб.

## **ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОТАН ТАРИХЫНАН АЛАТЫН ОРНЫ**

Бимағамбет А.Қ.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқуышы Тулегенова А.Ж.,  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
bimagambet1907@mail.ru

Бүгінгі таңда жас ұрпақты тәрбиелеудің аса маңызды міндеттері - ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру; белсенді азаматтық ұстанымы мен республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру; отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен еліміздің басқа халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, өз Отаны -Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез-келген көріністерге төзбеуге, Отанды қорғауға және жалпыадамзаттық тыныштықты сақтауға, азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеу болып саналады.

Қазақ елінің болашағын айқындайтын, оны тұрақты даму деңгейіне көтеретін бірден-бір құндылық, ол - жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеу болса, қазақстандық жана білім моделі осыдан бастау алып, жас ұрпақты білімді және сол білімді ұтымды пайдалана алатын іскер, білгір де білікті етіп өсірумен қатар, оның адамгершілік болмысын, ішкі жан дүниесін, азаматтық тұлғасын, халықтық қасиеттерін дұрыс және орнықты қалыптастыру болмақ [1].

Осы орайда Отан тарихының өзекті мәселелерінің бірі - ұлттық мүдде негізінде төл тарихымыз бен мәдениетімізді жетілдіру, қоғамдағы ізгілік қарым-қатынасты, ұлтаралық мәдениетті дамыту арқылы жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру болып табылады.

Патриотизм (грекше patriotes-отандас, patris-Отан, туған жер) – Отанға деген сүйіспеншілік, бар күш-жігері мен білімін Отан игілігі мен мүддесі үшін жұмсау [2,173 б.].

Патриотизм әлеуметтік-саяси феномен ретінде адамзат өркениетінің барлық кезеңінде пайда болып отырды. Ерте Грек және Рим полистерінде еркін азаматтар өздерін туған елдерінің патриоттары деп санаған және Отандарын сүйетіндіктерін мақтаныш етіп отырған, яғни, туған жеріне, ана тілі мен төл мәдениетіне, өз халқының, елінің салт-дәстүріне деген сүйіспеншілік адамдарда ерте заманнан бастап-ақ қалыптаса бастаған.

Қазіргі заман жағдайына сәйкес жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде оларды шынықтыру, тарихи санасын қалыптастыру, патриоттық сезімі мен құндылықты дамыту қоғамның алдында әр уақытта үлкен жауапкершілікті жүктейді.